



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 “Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы” Жарлығын іске асыру аясында Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының Қаратау ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 24 қараша сағат 11.00-де Қаратау ауылдық мәдениет үйінде өтеді.



Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 24 қараша сағат 12.30-да Қаратау ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Қарақұр ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 24 қараша сағат 15.00-де Қарақұр атындағы ЖОМ өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 24 қараша сағат 16.30-да Қарақұр атындағы ЖОМ өтеді.

Созақ ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 25 қараша сағат 11.00-де Созақ ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 25 қараша сағат 12.30-да Созақ ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Сызған ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 25 қараша сағат 15.00-де Сызған ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 25 қараша сағат 16.30-да Сызған ауылдық мәдениет үйінде өтеді деп жоспарлануда.

Мүгедектік бойынша 364 млрд теңгеден астам жәрдемақы төленді

Жыл басынан бері қазақстандықтарға мүгедектік және асыраушысынан айырылу бойынша 364 млрд теңгеден астам жәрдемақы төленді, деп хабарлайды Egeмен.kz. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Осылайша, 2022 жылғы қазан айында республикалық бюджеттен мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеуге 28,3 млрд теңге, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша – 8,4 млрд теңге бөлінді.

Бүгінгі таңда мүгедектік бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың саны 530,8 мың, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша 171,7

мың адамға жетті. «Мүгедектігі және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері мүгедектік тобына және себебіне, қайтыс болған (қаза тапқан) асыраушының асырауындағы адам санына, сондай-ақ тиісті қаржы жылына арналған «Республикалық бюджет туралы» заңда белгіленетін ең төменгі күнкөріс деңгейіне байланысты болады», делінген ведомство хабарламасында.

Қазіргі уақытта мүгедектігі бойынша төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа мөлшері 53 364 теңге, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша төленетін жәрдемақы – 48 877 теңгені құрады.

«Егемен Қазақстан» газетінен.



Мемлекет басшысы:

Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруымыз қажет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының жұртшылығымен кездесуде қазақ халқы үшін маңызды құндылықтарды атады, деп хабарлайды Egeмен.kz.

«Мен облыстарға сапарымда жалпы елдің мәселелерін көтеріп жүрмін. Аймақтарда айтылған ой-пікірлерімді бүгін қорытқым келіп отыр. Біз жаңа қоғам құрып жатырмыз. Соңғы бірнеше жылда саяси реформа аясында көптеген өзгеріс жасадық. Бірақ біз тек саяси мәселемен шектеліп қалмаймыз. Алда экономикалық, әлеуметтік және басқа да бағыттар бойынша ауқымды жұмыс тұр. Дегенмен, түпкі мақсатымызға жету үшін бұл жеткіліксіз. Біз өзгерісті, ең алдымен, өзімізден бастауымыз керек. Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруымыз қажет. Әр азаматтың, бүкіл қоғамның санасы өзгермейінше, басқа реформаның бәрі бекер. Ұлттың жаңа сапасы жаңа құндылықтар арқылы қалыптасады», деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Осы орайда, Мемлекет басшысы қазақ халқы үшін маңызды қасиеттер мен құндылықтарға қысқаша тоқталып өтті.

«Бірінші маңызды мәселе. Біз еңбекқор болуымыз қажет. Қоғамымызда еңбек адамы бірінші орында тұруға тиіс. Шын мәнінде, барлық жетістіктің бастауы – адал еңбек және іскерлік. Табысқа жетудің жалғыз жолы – өз кәсібінің шебері болу және ерінбей еңбек ету. Түрлі қаржы пирамидасына,

құмар ойындарға әуес адамдар ақшаның оңай жолмен келмейтінін түсінуі керек. Маңдай терімен табыс тапқан адам оны мақсатсыз шашып, ысырап қылмайды. Үнемшіл, қанағатшыл әрі ұқыпты болады», деп атап өтті Президент.

Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі академик Асқар Жұмаділдаевтың сөзін негізге алып, жастарды адал еңбек етуге шақырды.

«Академик Асқар Жұмаділдаев айтқан пайыммен толық келісемін. Халқымыз осындай күрделі заманда ең алдымен, әлемге прагматикалық көзбен қарауы керек. Жастарымыздың санасы сергек, еті тірі, ширақ болуы қажет. Көрші мемлекеттердегі жас азаматтар шетелге барып, кәсіпорындар, дүкендер ашып, жақсы өмір сүру үшін жаңа дағдыларды игеріп жатыр. Олар, шын мәнінде, бәсекеге қабілетті еңбекқор адамдар. Қазіргі жағдайда мен бір жерде өмір сүремін, балаларыммен өмір бойы бірге тұрамын деген ұғым әбден ескірген. Сондықтан құрметті ағайын, бәріміз озық болайық! Сонда ғана жастарымыздың көзі ашық, көкірегі ояу, ойлары ұшқыр болады, көптеген сын-қатерге төтеп бере алады. Өз жағдайын өздері жасап, жақсы өмір сүре алады», деді Мемлекет басшысы.

Президенттің қоғамда дұрыс құндылықтар орнықпаса, жемқорлық, масылдық, ысырапшылдық сияқты әлеуметтік кеселдер тамыр жаятынын қадап айтты.

«Біз жастарға озық біліммен қатар өнегелі тәрбие беруге тиіспіз. Ұрпақтың бойына адамгершілік қасиетті сіңіре алмасақ, білімнің

пайдасынан зияны көп болуы мүмкін. Қанша жерден білімді болса да, жақсылыққа ұмтылмаған адамнан еш қайыр жоқ. Қоғамда дұрыс құндылықтар орнықпаса, жемқорлық, масылдық, ысырапшылдық сияқты әлеуметтік кеселдер тамыр жаяды. Қатігездік, немқұрайлық, жалқаулық – ұлттың болмысына теріс әсер ететін жағымсыз әдеттер. Қазіргі алмағайып заманда біз сабырлы, байыпты болуымыз қажет. Түрлі арандатуға ілеспей, әр нәрсеге ұстамдылықпен қарауымыз керек. Барлығын бір сәтте өзгертемін дегуге болмайды. Халыққа қажетті шараларды біртіндеп жүзеге асырып жатырмыз.

Елімізде жауапкершілік идеологиясы орнығуға тиіс. Ойланбай жасалған бір қадам, аңдамай айтылған бір ауыз сөз, ашумен істелген бір әрекет бүкіл елге қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан әрбір адам ел алдындағы жауапкершілігін терең сезінуге тиіс. Біз әрдайым өзара бауырмалдық пен тілектестікті, мейірімділікті дәріптеуіміз керек. Азаматтардың бір-біріне қамқорлығы елге деген жанашырлыққа ұласады. Біз отаншыл және мемлекетшіл болуымыз керек. Шын мәнінде, туған жеріңді сүйуден асқан бақыт жоқ. Жүрегі Отаным, елім, жерім деп соққан адам ештеңеден қаймықпайды. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Ең басты байлығымыз – туған еліміз. Сондықтан мемлекет мүддесі қашанда барлығынан биік тұрады», деп қосты ол.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Аудандық қоғамдық кеңесте

Келелі мәселелер қаралды

Осы аптаның сейсенбісі күні Созақ аудандық қоғамдық кеңесінің кезекті жиыны өтті. Жиынды қоғамдық кеңестің төрағасы Мұрат Сапаров ашып, жүргізіп отырды. Кезекті жиынның күн тәртібінде бірінші мәселе Созақ аудандық мәслихатының 2021 жылғы 22 желтоқсандағы №63 «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы және екінші мәселе Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас

ыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар 481,0 мың теңге. Яғни, жоғарыда аталған кіріс көздерінің жылдық жоспарларын қосымша 2 024,0 мың теңгеге ұлғайтып, жыл қорытындысымен орындалмайтын төмендегі салық түрлерінен: 105429 Жергілікті бюджетке бөленетін тіркелгені үшін алымнан 580,0 мың теңге; -105434 Қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақыдан 243,0 мың



бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2023 жылға арналған жұмыс орындарына квота белгілеу туралы және 2023 жылға арналған Созақ ауданы бойынша «Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы» мәселелер қаралды. Бірінші мәселе бойынша

Созақ аудандық мәслихатының 2021 жылғы 22 желтоқсандағы №63 «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы шешімінің жобасына түсіндірмелік жазба бойынша хабарлама жасаған Созақ ауданы әкімдігі экономика бөлімінің басшысы Е.Айдарбеков кеңес мүшелеріне өзгерістер барысы туралы жан жақты түсіндіріп өтті.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106-бабының 4-тармағына сәйкес жүзеге асырылды. Кірістер бойынша Созақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының 1 қараша 2022 жылғы № МКБ-С-МКБ-С-05-18/1455 хатына сәйкес-105402- жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алым (жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды бергені үшін алым) 243,0 мың теңге; -204114 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар 1 300,0 мың теңге;

-204118 Мамандандырылған ұйымдарға, жеке тұлғаларға бюджеттік кредиттер (қарыздар) бойынша жергілікті бюджеттен берілген ай-

теңге; -201508 аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерден 200,0 мың теңге; -201508 Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрған үй-жайларды жекешелендіруден түсетін түсімдерден 231,0 мың теңге.

Жоғарыда көрсетілген кіріс көздерінің жылдық жоспарларын қысқарту жоспарланып отырғандығын нақтылап өтті.

Сонымен қатар, кеңес мүшесі Т.Жұмақов Азық-түлік бағасын тұрақтандыру жөніндегі Түркістан облысының әкімі бекіткен әлеуметтік дүкендердегі баға нарығын аудан әкімдігі кәсіпкерлік бөлімінің басшылығымен бірлесіп отырып бағамдау, бақылау мәселелерін алға тартты. Сондай-ақ аудан орталығына тартылып жатқан газ құбырларының жұмысын бақылау төңірегінде өз ойын ортаға салды. Кеңес мүшесі Біржан Саржан мекемелердегі қоғамдық жұмысқа тартылып жатқан азаматтардың мәселесін қадағалау үшін қоғамдық кеңес мүшелерінің назарына салды.

Қоғамдық кеңестің кезекті отырысын қорытындылаған кеңес төрағасы кеңес мүшелері тарапынан айтылған ұсыныс-пікірлер назарға алынып, тиісінше кеңес тарапынан қадағалау мен бақылау жүргізілетінін атап өтті.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.



Көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады

Жазымыштың жазуымен жанарынан айырылған жандарға арналып 13 қараша Халықаралық зағиптар күні болып белгіленген.

Бұл дата 1745 жылдың 13 қарашасы күні Францияда Парижде, Петербургте зағиптарға арналған бірнеше мектептің негізін қалаған танымал педагог- Валентин Гаюи дүниеге келді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының шешімімен нақты осы дата халықаралық зағиптар күнін белгілеуге негіз болды.

Осы күнге орай аудандық орталық кітапхана ұжымы мен «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам» әлеуметтік орталығының ұйымдастыруымен «Өнерім жанарымның шырағы» атты Аққұлиев Төлеген Мәуленқұлұлымен кездесу кешін өткізді. Кездесуде жүргізуші кеш иесінің өмірдеріне тоқталды. Төлеген Мәуленқұлұлы 1948 жылы 27 қарашада Түркістан қаласында дүниеге келген. Сол жердегі №19 қазақ орта мектебін бітіреді. Білім ұясынан токарь мамандығын қоса алып шығады.

1967 жылы Алматыдағы Қазақ политехникалық инсти-

тутына оқуға түседі. Мектеп қабырғасында жүргенде қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. 1968 жылы Павлодар облыстық комсомол комитетінің «Құрмет» грамотасымен марапатталады. Әскер қатарында автокөлік жүргізушісі болып борышын өтейді. Кейін Шымкент автотехникалық техникумын жөндеуші-механик мамандығы бойынша бітіріп шықты.

Қатардағы жүргізушіден жөндеуші механик жұмысына ауысады. Қойма меңгерушісі және гараж меңгерушісі қызметтерін атқарады. Жартытөбе ауылдық кеңесінде есепші-кассир, кейін осы ауылда әртүрлі қызметтер атқарған.

Төлеген Мәуленқұлұлы 2011 жылы Созақ аудандық бастауыш ұйымының алғашқы төрағасы, облыстық, зағиптар қоғамының 29 конференциясына делегат болып сайланады. Осы жылы ОҚО арнайы зағиптар қоғамының кітапханасының «Жылдың ең үздік оқырманы» алғыс хатымен марапатталады. 2013 жылдан бастап Созақ корпоратив қорының президенті болып тағайындалды. Аудан

әкімінің сондай-ақ, бірнеше мекемелердің мақтау, алғыс хаттарымен, «Ардагерлер кеңесінің 30 жылдығы», Қазақ зағиптар қоғамының құрылғанына 80 жыл төсбелгісімен, «Ардақты ардагер» орденімен марапатталған. «Созақ ауданының Құрметті азаматы» атағын иеленген. Бұдан бөлек тағы да көптеген марапаттарға ие болған.

«Қазақ зағиптар қоғамының» құрылғанына 85 жыл толуына орай және зағиптар күні мерекесімен аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков құттықтап, кеш иесінің иығына шапан жауып, Алғыс хат табыс етті. Аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов құттықтау тілегін арнады. Ақын Төлеген Кәрібеков арнау өлеңін оқыды. Кеш барысында Аққұлиев Абай отбасылық ансамбльмен әсем әндер орындап, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Қорытындысында Төлеген Аққұлиев өзіне көрсетілген құрметке ризашылығын білдіріп, алғысын жеткізді.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Бабыр бағындырған жерден байрағымызды желбіретіп қайтты

Сүйінші ағайын, Созақ спорт саңлақтары ауданымыздың медаль қорын 1 алтын 1 күміс және 1 қоламен тағы да толықтырды. Нақтырақ айтар болсам, өткен Қазан айының 26-30 аралығында бір кездері Бабыр бабамыз бағындырған Үндістан елінің Нью Дели қаласында бір көтеру спортынан әлем елдерінің саңлақ спортшыларының қатысуымен байрақты бәсеке болып өтті. Дүние жүзінің кіл мықтылары жиылған доға еліміз бен облысымыздың атынан кір тасын ұршықша үйіріп жүрген Созақтық оғландарымыз барып, бақтарын сынады. Атап айтар болсақ, 3 дүркін әлем, бірнеше дүркін Еуропа мен Азия чемпионы Қобыланды Орынбасаров 73 келі салмақта ересектер арасында ұзын циклді көтеруден өнер көрсетіп, бұл жолы қола медальды місе тұтты. Ал, осы ауданымызда бірінші үйірмесін ашып, жаттықтырып жүрген Мұрат Серікбаев ардагерлер арасында 73 кг салмақ дәрежесінде серпе көтеріп, бір ғана есе жіберіп, 2 орынды иеленді. Ал енді, Сабыр Нұрсұлтан есімді білекті батырымыз әуесқойлар арасында ұзын циклді көтеруден 63 кг салмақта ақтық сында өнер көрсетіп, турнирдің жеңімпазы, алтын медальдың да иесі атан-



ды. Нәтижесінде, еліміздің көк байрағын бір кездері Ұлы Моғолдар елінің 1 падишаһы Бабыр басып алып, билік еткен Үндістан жерінде өткен байрақты бәсекеде еліміздің байрағының биікте желбіреуіне себеп болды. Ендеше, біз де редакция ұжымы мен барша оқырмандарымыздың атынан бұла күштерін білектеріне, иман күштерін жүректеріне сыйдырған жерлестеріміз, кір тасын ұршықша иіріп, дүниенің түкпір-түкпірінен мерейі үстем оралып жүрген батырларымыздың кезекті жеңістерімен құттықтаймыз! Бұдан кейінгі байрақты бәсекелерде де жеңіс тұғырынан көрініп, еліміздің, өңіріміздің абыройын асқақтата беріңіздер дейміз!

Данияр БЕК.

Жаңа кітап жайлы оқырман пікірі

Өрелі жанның өнегелі ісі

Зағипа әпкем (Зағипа Тұрсынқызы) жуырда баспадан шыққан өмірбаяндық очерк кітабын атымды жазып маған арнайы беріп жіберген екен. Мен ауылда болмағандықтан келіндер кітаптар сөресіне қоя салған да, келген



кезде маған айтуды ұмытқан. Сондықтан кітап бүгін қолыма тиіп бір леппен оқып шықтым.

Кітаптағы кейіпкерлердің көпшілігі Созақ ауылының тумалары болғандықтан бірмебір көз алдымнан өтті-ай. Менің қазіргі үйім Зағипа әпкенің балалық шағы өткен ауладан онша алыс емес. Сол кездегі мектептің интернатының қасында, әпкелері болып келетін Мейрамкүл апаның көршісімін. Жұбайым әпкеміз кітабында еске алған Тоқтамыс атаның немересі, Барат көкенің қызы. Зағипа апаның жадының мықтылығына риза болдым. Өзбек ағайындардың аты-жөніне дейін адаспай айтып отыр. Өзі айтқандай үйлерінің орнына Бекен қайнағам қоныстанған. Бекеннің әкесі Бектеміс пен Тоқтамыс ағайынды кісілер.

Зағипа әпке кітабында өзінің өмір тарихын баяндай отырып жас ұрпаққа рухани адамгершілік, адалдық, ұлттық салт-дәстүр, қазақи тәрбие, имандылық пен қатар толеранттылық, яғни ұлттар достығын әдемі дәріптеген. Бұл кітабыңыздан тұтас Созақ ауылының оқырмандары сусындауы қажет деп ойлаймын. Сондықтан лажды болса ауыл жаққа бір келгеніңізде ауылдық кітапханаға да кітабыңызды сыйлап кетсеңіз дұрыс болар еді. Сіздің әкеңіздің Созаққа сіңірген еңбегі орасан. Оны ауыл қарияларынан естігенбіз. Мағрипа әпкеммен комсомолда талай жылдар қызметтес болғанбыз. Ия, кітабыңызды оқып болып мен де тарихтың шырмауынан шыға алмай отырмын. Ауданымыздың қарашаңырағы-киелі Созақ қыстағында дүниеге келіп, төркін жұртын ардақтап жүрген сіздей қыздары аман болсын! Деніңізге саулық тілеймін! Алла тағалам ұзақ жылдар бала-шағаның қызығына бөленіп жүруді нәсіп етсін!

Кәмілжан РЫСМЕТОВ,
Созақ ауылы.

Баспасөз-2023 жыл

«Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» бүгінгі ақпараттығыны ашылған, ашылғаны былай тұрсын ағын судай тасыған заманда жұрт бәрібір газет-журналсыз тұра алмайды. Қолына ұстап ары-бері аударып, төңкеріп оқығандай болмайды. Көзі қарақты, көңілі желдей ескен оқырмандар әр газеттің санын асыға күтіп отырады. Шынайы, адал оқырмандар үшін бұл әдет бұрыннан келе жатқан үрдіс. Газетті шығару бар да жазылу бар. Жазылу бар да оның оқырманының қолына уақтылы жетуі бар. Газет уақтылы келмесе оның ішіндегі ақпараттың құны болмайды. Газет көже емес ысытып іше салатын. Газет бұл ағымды ақпарат. Міне, осы тұрғыда газет таратушы почтальондардың айрықша іскерлігі, жұмыскерлігі, тынымсыз еңбегі осы тұста бағаланады. Фезбук парақшасында Кәмілжан ағамыздың жазған жазбасынан кейін созақтық почтальон қарындасымызды сұрастырып іздеп тауып алып тілдескен едім.

Әйгерім Нақыпбекқызы Ынтымақ ауылының қызы. Созақ ауылына 2008 жылы Әділханұлы Руфат есімді



әлі еңбегім сінген жоқ. Қайта Созақ ОПС басшысы Кәдірбекова Жансаяның еңбегі сіңді деп айта алар едім. Күн сайын қаншама түрлі мінезі бар тұрғындар келеді. Жансай солардың көңілінен шығып, жылы сөзімен күтіп алып, шығарып салып, жұмысын тиянақты істейді. Менікі газет-журнал хат тарату, уақытында жеткізу ғана болса, Жансая таңертеңгі сағат 9-дан кешке дейін компьютердің алдында таңылып отырады. Еңбегімді ескерген Кәмілжан көкеге рахмет! Жұмысымды бағалап жазғаны үшін. Басқа да көптеген кісілер газет-журналын апарғанымда рахметін, алғысын айтып жатады. Маған соның өзі жетеді. Мен мекемеге де жеке жазылымшыға да уақытында әкеліп тұрамын деп екінші жарты жылдыққа жазылдырып, уәде беріп қойдым. Сол үшін газет-журналдарын уақытында жеткізуге тырысамын,- дейді Әйгерім қарындасымыз ағынан жарылып.

-Жаңалық, хат-хабарды әлеуметтік желілерден жылдам алып тұрсақ та мен үшін газет-журналдың орны мүлдем бөлек! Газетті қуалап, дауласып жүріп алдырып оқитындардың

Әйгерім ауыл почтальоны

азаматқа тұрмысқа шыққан. Жұбайы өндірісте уран кенішінде 15 күндік ауысыммен жұмыс атқарады. Атасы балабақшада күзетші. Енесі Ләззат үй шаруасында. Руфат пен Әйгерім жеке отау болып бөлек шыққан. Отбасында Жанасыл, Бекасыл, Раяна, Айкөркем, Ерсұлтан атты бес ұл-қыз тәрбиелеп отырған өнегелі отбасы.

-Мен бұл жұмысқа осы жылдың мамыр айында орналастым. Бірнеше жыл жұмыссыз болдым. Оның үстіне бала күтімімен үйде отырып қалдым.

генінше таратамын. Бір сағат ұстап отырмаймын. Оқырмандар жиі хабарласып отырады. Бәрінде менің телефон нөмірім бар. Әсіресе Рысметов Кәмілжан, Табризов Сүлеймен, Сүлейменов Әбдіразақ, Жұмабеков Қанат, Жұманов Еркін сияқты ағакөкелерім күнделікті газетті күтіп отырады. Жалпы көпшілік «Оңтүстік Қазақстан», «Созақ үні», «Жас алаш», «Рейтинг», «Егемен Қазақстан», «Уақыт», «Ұстаз» газеттеріне көбірек жазылады. Үйде отырғанымда маған бір теңгені кім береді. Сол себепті

бірімін. Талай жылдардан бермен пошташыға бір жарымай қойып едік. Биылғы жылдың екінші жартысынан бастап пошташылық қызметке Мұқымбекова Айгерім Нақыпбекқызы қарындасымызды қабылдаған екен, қызметіне көңілім толды. Газетті өз уақытыңды үзбей жеткізіп тұр. Жауапкершілігі өте күшті екен! Мінеки осындай адал қызметкерлердің еңбегін бағалап тұру керек! Айлықтары төмендеу екенін білем. Сондықтан лажды боп жатса «Қазпошта» мекемесі осы қызымызға ақшалай ынталандыру ұйымдастырса керемет болар еді,-дейді белсенді оқырман, газет жанашыры Кәмілжан ағамыз.

Әрине мынандай қымбатшылық, күн сайын азық-түлік пен заттың бағасы ырық бермей аспанға апшып шарықтап тұрғанда аз ғана айлыққа күн көру қиынның қиыны. Дей тұрғанмен отбасындағы жылылық, бір біріне деген сыйластық, жарасымды татулық, ертеңгі күнге деген сенім, барға қанағат тұту, адами қасиеттерді, әйелі күйеуін, күйеуі әйелін сыйлап, бақытты күндерді бағалай білу түбі жақсылық пен шаттықты әкеледі. бір көрген, біз біліс болған Әділхан мен Ләззаттың әулетінен тараған Руфат пен Әйгерімнің ынтымақты отбасы көпке үлгі болмақ. Нанын адалдап жеп, бүкіл ауылдың үдесінен шығып елдің ақ батасы мен ақ жарма тілегін арқалаған Әйгерім қарындасымызға тек толағай табыстар мен ризықты несібе, отбасылық бақыт тілейміз! Расында әр ауылдар мен елді мекендерде Әйгерім сияқты белсенді, еңбекқор, жұмысына адал азаматтар мен азаматшалар қатары молыға түссе басылымға жазылушылар саны арта түсер еді.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.



Осы жұмысқа орналасқанымда қуаныштымын. Жұмысымды адал атқарғым келеді. Жұрттың алғысын, ақ батасын алып отбасыммен қуаныш пен бақытқа кенелсем деймін. Созақ аулында 10-15 көше аралап, жеті мекеме және ауыл тұрғындарына қызмет етемін. Газеттің келгенін кел-

еңбек етіп, маңдай терлетіп тапқан несібемді қанағат тұтамын. Алла берекесін берсін! Алдында газетті жаяу аралап таратып жүрдім. Кейін атам велосипед алып берді. Атам мен енеме мың алғыс! Сол кісілердің ақылы мен көмегі қолдауы үлкен қуат пен жігер берді.

-Аға негізі газетке шығаратындай

2023 жылдың I жарты жылдығына баспасөзге жазылу жүріп жатыр

«Ернұр-пресс» арқылы:
Жазылымшылар -(индекс 64450) - 2400 теңге
«Қазпошта» арқылы:
-Жеке жазылушылар (индекс 64450)-2371 теңге 20 тиын
-Мекемелер үшін (индекс 19450) -3571 теңге 20 тиын
«Созақ үні» газеті редакциясы арқылы
Жеке жазылушылар үшін -2250 теңге

Оқырмандарымыз білетіндей, Байтұрсыновша айтсақ Созақ халқының «Тілі мен көзі һәм құлағы» болған «Созақ үні» газетіне жылына екі рет жазылым жүреді. Жылдың екі мезгілі бар ғой: құс келіп (көктем), құс қайтатын (күз) мезгілдері. Міне, нақ осы кезде Қазақстандық басылымдар өңірлердегі оқырмандарын газет-журналдарға жаздыру мақсатымен жолға шығады. Жібек жолындай болмаса да осы бір көшке біздің «Созақ үні» газетінің журналистерінің ергеніне де нешелеген жылдар болды. Иә, әрине! «Созақ үні» жергілікті басылымның соңғы атауы. Әйтпесе, аудандық газеттің түрлі атаулармен шығып келе жатқанына ғасырға жуық уақыт болды. Ә дегенде, жергілікті басылымның «Социалды шаруа» деп аталғанын осы салада ұзақ жылдар бойы қызмет атқарған газетіміздің карифейлері: Ескермес Жақанов, Қасымжан Өмірұлы және Қалман Ерденев (баспахана басшысы болған) секілді ардагер қаламшыларымыз бен сол за-



"Созақ үні"-ол сенің үнің

маннан газетіміздің жанкүйері, оқырманы болып келе жатқан қарттарымыз болмаса былайғы жұрт біле бермейтін жағдайға жеттік. Себебі, былайғы жұрт күні бүгінге дейін аудандық басылымды «Молшылық үшін» газеті деп таниды. Тіпті, арадік газетіміздің атауының «Созақ үні» болып ауысқанын да білмейтін азамат-азаматшаларымыз кездесіп қап жатады. Мұндайды көргенде әрине намыстанып қалатынымыз да бар. Өйткені, мұның артында түрлі себептер жатыр. Бірақ бүгін ол себептерді түгендеп отырмақ емеспіз.

Бүгін тек, газетіміздің бүгінгі жайлы сөз етеміз. Олай дейтінім, газетіміздің өткені өтті, қазір оның бүгінге тарих болғаны анық. Ертеңі десек, ертеңнің қамын жемекті, ертеңгі ұрпақтың еншісіне қалдырайық! Себебі, бәлкім заман ақырдың таяғаны болар, бәлкім, технологияны қарыштап дамығаны болар, дүние мың бір түрлі халге өзгеруде және өкінішке орай мұны құлақ естіп, көз көруде. Сондықтан да бір кездері ішіп-жейтін астан кейінгі ең бір қоғам қатты талап ететін құндылықтың бірі газет пен журнал, радио мен теледидар еді. Ал, бүгінгі күндері ақпараттың жылдам тарайтыны сондай, әлгі ІХХ-ХХ ғасырда адамзат үшін маңызды болған БАҚ-ры ақпараттың көшінен көп кешігіп кеп жүр. Егер осылай кете берсе, бір уақыттарда БАҚ –тың музейлердің төрінен орын алатын ескі экспонаттар секілді суы тартылған Аралдың қайықтарына ұқсап, қайраңға шығып қалуынан да адамзаттың естілері алаңдауда. Дегенмен, алғаш пайда болған уақытынан бері қарай адамзат қоғамына нелер-нелер игіліктер алып ақпарат бесігінің, қазақтың тал бесігіне ұқсап қолданыстан шығып қалуынан разы емес, есті азаматтар да жоқ емес елімізде де, еліміздің тысында да. Осы мақсатта түрлі сайттар, интернет басылымдар ашылып, шама-шарқынша, хал-қадарынша жұмыс істеп бағуда. Міне, сондай күйді бастан кешіріп отырған ұжымның бірі де бірегейі аудандық «Созақ үні» газеті. Ғасырға жуық тарихымен ғасырлар қойнауына кетудің алдында тұрған аудандық басылымның бар арқа сүйері аудан жұртшылығы. Әуелі, ауданымыз құрылғалы бері құрылтайшымыз болып келе жатқан жергілікті билік, кейін, шынында да өздерінің тілі мен көзі, һәм құлағы іспетті болған Созақтың үнжариясының болашағына алаңдайтын, аз да болса (65 мың халыққа шаққанда) азаматтығын пенделігінен биік қойған ойлы оқырманымыз! Жалпы, менің «Созақ үні-ол сенің үнің» деген тақырыпта оқырмандарымызға,

ойлы азаматарымызға ой тастайтын мақала жазып келе жатқаным да бір бес жылдың жүзі бопты. Ал енді, әріптестерімнен ерек маған мұндай, газетіміздің болашағы үшін маңызды мақаланы жазу құқың беріп отырған не жағдай? Әрине, ең әуелі осы ұжымда жұмыс жасап, осы газет арқылы қоғамға қызмет етіп, отбасымының ризық-несібесін арашалауым. Кейін, әрі отбасым алдындағы міндетімді өтеуіме әрі қоғамға танылуыма сеп болған аудандық басылымның жанашыры ретінде жылда екі рет келетін жазылымға әріптесім Біржанмен бірге жауапты болғаным. Сол жауапкершілік жылдағы әдетімен Жандәулетов Біржан Шотұлы есімді әріптесім екеуімізді «Баспасөз 2023» деген ұранмен ойлы оқырманымыздың, есті ел-жұртымыздың есігіне тағы да таяды. Сонымен, аудандық «Созақ үні» газетіне жазылымның басталғанына міне екі аптаға жуық уақыт болды. Әуелі ауданымыздың орталығы болған Шолаққорған ауылынан, осындағы ресми есеппен 19 бейресми есеппен 25 мың тұрғыны бар Шолаққорған ауыл әкімдігінен бастайық деп шештік, жылдағы әдетімізбен. Әділ деген атына заты толық сай болмаса да сай болудың қамымен жүрген ауылымыздың әдеттегі қалпымен бұл жолы да ұжымының бірауызды келісімімен: «Енді ауданымыздың азаматы, өзімізге лайықты патриоттығымызды көрсетіп, төл газетімізге жазылмасақ, онда азаматтығымызға, ауылжандылығымызға сын емес пе? Сол себепті де ұжымымызбен алдын-ала ақылдасып, ауданымыздың үнжариясына 100 пайыз жазыламыз деп шештік!»- деп, үмітімізді үкілеп барған біздерді марқайтып тастады. Мұнан кейінгі бас сұққан мекемеміз, аудандық аурухананың бас дәрігері Бақытжан Мырзагелдиев пен ұжымының пейілі де аудандық басылымға белсенділікпен жазылған жазылымшылардың санынан белгілі болды. Әрі қарай мектептер мен мекемелерге, аудан әкімдігіне қарасты бөлімдерге бас сұқтық. Мұнда да сол жағдайлар қайталан-ды. Елім деп барған ешбір есіктен есесіз қайтпадық, бұл үшін әрине, барша жоғарыда аты аталған азаматтар мен ұжымдарға арнайы алғысымызды білдіреміз. Әсіресе, аудан жұртшылығына ауыз су жеткізу жауапкершілігін абыроймен арқалап келе жатқан «Шолаққорған-Су» мекемесінің ұжымы мен басшысы Фазис Нысанбаев ағамызға айтар алғысымыз айрықша. Алдына келген аудандық басылым қызметкерлеріне, халықтың қызметшілері, бұқара мен биліктің алтын көпірі, төртінші билік өкілдері деп қарап, лайықты қабыл-

дауын жасаған. Бұйымтайымызды білгеннен соң, ұжымымен ақылдасып: «Болды жігіттер, бірауыз сөздеріңнің бәсіресі болсын, аудандық «Созақ үні» газетіне бірауыздан жазыламыз. Жетістігімізді жазып жанымыздан табылатын, кемшілігімізді көзімізге шұқып көрсетіп, жұмысымыздың ілгерілеуіне сеп болып отырған Созақтың үнжариясына неге жазылмаймыз, тіпті, бұрынғыдай «Қазпошта» немесе «Ернұр пресс» арқылы емес, редакцияның өзіне тікелей жазыламыз. Егер, сол арқылы қоғамға, аудандық басылымның қара шаңырағына қандай да бір қатқымыз болатын болса, әлбетте жазыламыз!» дегендерінде төбеміз көкке екі елі жетпеді. Олай дейтінім, қайсыбір мекемелерге барсаң: «Жігіттер! Қазіргі, мына әлеуметтік желілер жайлаған уақытта газетті кім оқып отырады? Негізі газетке жазылуға міндетті емеспіз, жазылмауға заңды құқығымыз бар!» деп көргітіндер де табылып қап жатады, көпшілік болған соң. Осы тұрғыдан алғанда Ғазекен мен ол кісі басқарып отырған ұжым қызметкерлерінің мына сөзі кәдімгідей жүрегімізге жылы тимесі бар ма! Ал енді, осы жерде оқырмандар тарапынан: «Айналайын-ау, ауданымыздың жерінің асты да байлық, үсті де байлық, енді бір газеттің ұжымын осылай тентіретпей-ақ қомақты қаржы бөліп ұстауға болады ғой! Не бұл, жылда журналистер жызылымға шықырып, жалынғандай боп жатады. Ұят қой!»- дейтіндердің де табылуы да бек мүмкін. Себебі, мұны көзімізді бақырайтып қойып, жүзімізге айтқандар да болған. Сол үшін де көптің көңілін күпті еткен осы бір мәселеге ашықтама беруді ұйғардым. Біріншіден, барша отандық БАҚ секілді біздің «Созақ үні» газетінің жекеменшікке (5 жылға сенімгерлікпен) өткеніне 1,5 жылдай уақыт болды. Сол себепті де әу бастан құрылтайшымыз боп келген жергілікті биліктің қолдауы аптасына екі рет 8 беттен шығатын газетіміздің алғашқы төрт бетінде жариялатын материалдарымызға ақы төлеумен ғана шектеледі. Онда да аудан әкімдігі жариялаған конкурсты жеңіп алсақ, әйтпесе, ол да жоқ. Бұл тұрғыда әрине аудан әкімдігінің қолдауын қашаннан көріп келеміз. Дегенмен, өздеріңіз білесіздер барша посткеңестік кезеңде өмір сүрген елдер секілді біз де тұрмысын нарық билеген қоғамда өмір сүріп келеміз. Бұған соңғы уақыттардағы саяси (Ресей мен Украина арасындағы соғыс жағдайы) және әлеуметтік (алдыңғы жылдардағы пандемия) тұрақсыздықтар жағдайы елі ішіндегі баға тұрақсыздығына, халық

көп тұтынатын тауарлардың шамадан тыс қымбаттауына әкеліп соғып отыр. Сананы тұрмыс билеген қоғамда өмір сүрген отандық БАҚ-дың да осылай тоқырауды (әр мағынада) басынан өткеруі де заңдылық!

Екіншіден, газетіміз өзге аудандардағыдай аптасына бір рет қана емес, керісінше, сегіз беттен екі рет шығып отыр. Сол үшін біздің редакцияда жұмыс істеуші қызметкерлеріміздің саны өзге аудандармен салыстырғанда екі есе көппіз. Ал енді, мұндай үлкен ұжымды (өзгерлермен салыстырғанда) ұстап тұру үшін үлкен қаражат керек. Кешеге дейін «құрылтайшымыз» деп арқа сүйеп келген аудан әкімдігінің ахуалын жоғарыда сөз еттік. Ендігі жерде аптасына екі рет сегіз беттен шығып, барша Созақ өңіріне ауданымыздың саяси, әлеуметтік және рухани өмірінен, қоғамдық өзгерістерден ақпарат таратып отырған үлкен бір ұжымды ұстап отыру үшін редакцияның айналып келгенде негізгі қолдаушысы, жалғыз жанашыры Теріскей жұртынан басқа демеушісі жоқ. Сол себепті де басқа емес, бұқараның өз игілігі үшін, билік пен арасында болатын түсініспеушіліктерге түсінік беретін, қазіргі таңда басты миссиясын толықтай атқара алмаса да соның жауапкершілігін сезінетін азаматтар ретінде елдің есігін қауға, алтыңға парпар уақыттарын шалуға мәжбүр боп отырмыз. Сондықтан да алдына барғанымызда аспандамай, түсіністік танытып жүрген Теріскейліктерге алғыстан басқа айтарымыз жоқ! Әрине, көңіл шіркін қалар еді, ауданымыздың 65 мың азаматы жазылмаса да, 12089 түтіннен тұратын 10 мың отбасыға кіріп барғанды. Бірақ ол үшін әуелі біздер, «Созақ үні» газетінің ұжымы оқырмандарымыздың талап-тілегін ескеріп, ойындағысын тауып, оқығысы келетін дүниесін ұсына алуымыз қажет! Кейін, оқырмандарымыз да ауданымызбен бірге жасасып, өмірдің ащысы мен тұщысын бірге татып, ыстығы мен суығына бірге тоңып-күйіп келе жатқан, өзге емес, өзінің тілі мен көзі һәм құлағы боп келе жатқан төл басылымына деген жанашырлықты, жазылымға деген жауапкершілікті арттырса нұр-үсіне нұр болар еді! Бір нәрсені білуіміз қажет, егер де ел аңсаған Жаңа, Әділетті Қазақстанды, біртұтас қоғамды құрамыз десек, мұнда аудандық «Созақ үні» газетінің қашанда пайы басым болады!

Данияр БЕК,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі,
«Созақ үні» газетінің тілшісі.

Созақ көтерілісіне себеп болған тәркілеу науқанындағы негізсіз қуғын-сүргін

Созақ көтерілісі – төл тарихымыздың «ақтаңдағы» ашылмаған беттерінің бірі. Шындығында тоталитарлық бірбеткей билікке қарсы тұтқан Теріскейдегі төңкеріс деуге келетін Созақ сүргінінің ұшқыны ойда жоқта лап еткен жоқ. Көтеріліс те кенеттен басталмады. Советтік биліктің жергілікті жандайшаптарының жосықсыз әрекетінен, шаш алдесе бас алатын ауыл атқамінерлерінің аярлығынан, қарашаға да, қалталыға да қасқырша тиіп, тұтас қазаққа тізесін батырған шолақ ойлы белсенділердің бассыздығынан шыдамы шегіне жеткен момын шаруа, қарапайым халық өре түрегелді, дүр көтерілді. Өктемдікке өктемдікпен үн қосты. Тайлы тұяғына дейін қолына қару алған қалың топ «халық қаласа хан түйесін соятынын» сойқанға сеп болған советтік содырлардың қаперіне салды. Осылайша ұшқыннан жалын лаулады, басынуға көнбеген бұқара ақыр аяғында «банды» атанды.

Жалпы жергілікті мұрағат қорларында Созақ қасіретінің себебі мен салдарын ашып көрсететін құпия құжаттар да, қалтарыста қалған құнды материалдар да мол-ақ. Мәселен, Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архивінде сақталған 1930-1931 жылғы Созақ ауданының 1-ауылындағы қиянатпен қатталып, қағаз бетіне көгендей тізілген, сайлау еркі жойылған бай-қулақтар мен молда-ишан, саудагерлердің тізіміне байыппен қарайықшы. Ұзын саны 71 адамнан тұратын бұл айыптауға ауылдық кеңес ағасы қол қойып, хатшысы қоса куәландырыпты.

Сонымен Созақтың игі жақсысы мен жайсаңы, имамы мен ишаны неден жазықты болды? Мәселен, малды кісілер санатындағы Мадамар Атақанұлы мен Мұсылманқұл Раметұлы түп-тегінен жарыған бай болғаны үшін басы бұғауға түссе, аузынан Алласын, қолынан тәспісін тастамаған, тумысынан ешкімнің ала жібін аттамаған Алау Гиясдинұлы ишанның ұлы болғаны себепті сүргінге ұшыраған. Ал Шал Бабаұлы деген шрауа қосақ арасында кетіп, оған «6 ай бойы аяғын аңдап басып, колхоз жұмысына қырын қарады, жаңа қоғамды жатсынды. Жатсынғаны сол, елдің бәрі сырт айналған Имамберді Мырзаметұлы, Мәдемин Мадиярұлы секілді бұрынғы шынжыр балақ байлармен байланысын үзбей, ашық ауыз жаласты» деген ауыр айып тағылыпты. Одан бөлек, әкесімен еншісі бір болған Түсіп Бабаханұлы да «төңкеріс жауы» деп танылған. Бұл енді расымен де кісі күлерліктей жала.



Қай қазақ бармақтайынан бағып-қағып, еңсесін тіктетіп ел қатарына қосқан туған әкесінен жеріп, тексіздің ісін қылушы еді?! Ол аз десеңіз, адал сауданы азық қылған Розымет Аулықұлын «үлкен магазин ашып, бір сомдық малды он сомға сатты. Жұмыртқадан жүн қырыққан саудагер деп» ауылдан аластаса, Мақаш Оразымбетұлы бай-қулақтың қызын алғаны үшін қызылдардың қырына іліккен екен.

Былайша айтқанда, біздіңше большевиктік билік атам заманнан-ақ аузы аққа жарып, тегінен тартып бай болғандарға ерекше шүйліккенге ұқсайды. Өйткені, ата-бабасынан бері кейдей-кепшікті езіп келген Шаяхмет Мәшәріпұлы деген «күдікті кулак» та, жарлы-жақыбайды борсықша сорған, кісі күшін пайдаланып, есігінен жалшы үзілмеген Мәуленқұл Майлыбайұлы да мешітке имамдық етіп, бір ауылды иманға ұйытқан байдың бөлтірігі Жолдас Тәтіұлы да, басмашылармен бірге болған (Созақ көтерілісіне қатысқан деп түсініп отырмыз), төңкеріске теріс қарайтын Низам Орақұлы, Қамар Бегіметұлы да, әке жолын қуып, ишандықты таңдаған, исламнан қол үзбеген Мәметхан Әділұлы, атеистік үкіметке үрке қарайтын, мешітке баруын қоймай, сопылығы өзіне сор болған Райымбек Әбжаппарұлы да, сан жыл бұрын әкесі старшын болғаны үшін сазайын тартқан Мырза Досыметұлы да, мешітке сопы болып, «халықтың қанын сорған» Баба Назарұлы да, молдалықпен күн кешкен момын қазақ Кенжебай Жамантайұлы да, қазының құйрығы Нұролла Әлиакпарұлы мен қазы Әбдіманап Әбжәлиұлы да, т.б. да жазасыз қалмаған [1].

Одан бөлек, 1930 жылдың 18 жел-

тоқсанында жаңа үкімет орнағанға дейін жұртын жарылқап, жетімін жылпатпай, жесірін қаңғыртпай, әрқайсысы бір-бір ауылға аға, жел жағына пана болып келген Мамытдин Сұлтанбай, Атақан Базарұлы, Асай Үсенұлы, Әжі Сатыбалдыұлы, Сүлеймен Досыметұлы, Әбен Реметұлы, Мәсен Әуезұлы, Зайыт Тамаұлы, т.б. Созақтың 107 байының мойнына 5 сомнан 300 сомға дейін мақта планы ілінеді [2].

Осылайша мемлекет салған мақта планы бұрынғы бай-манапқа сор болып тиіп, Суыңдық арығындағы Зиябдин Сұлтанбайұлы, Шаяхмет Машарыпұлы, Мәуленқұл Майлыбайұлы бастаған 19 кулак тегіс тұтқылдалады. Ал Созақ ауданы Қызылту басқармасының ағасы Төлебайұлы тәптіштеп жазып, хатшысы Басарұлы екеуі бас бармағын басып мөрленген келесі бір құжатта Іңкәрбек Серікбайұлы, Шойбек Шорабайұлы, Дүйсен Нарымбайұлы деген қазақтардың колхозға мүше бола тұра қарамағындағы жылқыларын қасақана сатып жібергенін, ал білдей басқарма Жақсыбай Нұржанұлының жаңа үкіметтің жақсылығынан күдер үзіп, колхоздың теңгесін жегені аздай, ол да астындағы атын сатып кенге қашып кеткендігі көпке мағлұм етіліпті.

Одан бөлек, Алдаберген Құлжанұлын «Жер жыртуға уәкіл етіп тағайындалған Құлжанұлы деген қазақ та уәдесінде тұрмады. Колхоздың жұмысы енді қызатын шақта «жер қатып қалды» деп жерді айдаппай желеулетіп жатып алғанымен қоймай, «Қызылтудың» колхозшыларын «енді үкімет малды да жинап алады» деп қорқытып-үркітіп, соның салдарынан ештеңенің байыбына бармаған таяз ойлы еңбекшілер 13 қарасын бір күнде сойып алған.

Осындай басбұзарлығы үшін бүлікші колхоздан қуылды» деп айыптаса, Зейілбек Байжігітұлы да бір ат, бір түйесін сатып, Созақтан келе жатқан Жұмабек Мықтыбайұлынан: «Созақта не хабар, жақсылық бар ма?» деп Теріскейдегі жұрттың амандығын сұрағаны үшін ғана колхоздан шығарылған екен [3].

Былайша айтқанда, бұл колхоздан қуылғандардың қарасы 38 адамнан асып жығылса, сол 1930 жылдың бедерінде Созақтың 9-ауылынан Назар Бейленұлы, Қарабек Байдалыұлы, Отарбай Қыстаубайұлы, Кәтес Өткелбайұлы, т.б. 11 бай мал-мүлкімен қашып кеткен. Себебі, Совет үкіметі сол кезеңде бай-бағланға қатты шүйлігіп, ет планы, май планы, жүн планы, қаржы планы, егіс планы, тұқым планы т.б. салықтарды үстемелете салып, жоспарды орындамағандарды аяусыз жазалап, жер аударып отырған.

Осылайша 1930-1931 жылдарда Созақтың 15-ауылынан ауылдық кеңес ағасы Бызақ келінінің жазбаша көрсетуімен ұзын саны 28 бай жаппай құдалауға ұшыраса, олардың 16-сы бас амандығын олжа санап, ата мекеннен үдере көшіп қашқан. 12 бай тұтқындалып, біразы айдалып та кетіпті. Жалпы 1930-1931 жылдарда Созақтан еліміздің басқа аймақтарына ауған 35 үйдің 8-і тұрмыс-тіршілігі орташа болса, 27-сі бай-қулак екен. Бұл құжатты аудандық ақша бөлімінің бастығы Батырханұлы растап қол қойыпты [4]. Қорыта айтқанда, Созақ аймағындағы халыққа салынған негізсіз салықтар, елді иманға шақырып, исламды тануға үндеп, бір аймаққа бас болып отырған байларды тәркілеу, күштеп колхоздастыру үдерісі халық шыдамын шегінен шығарып, бас көтеруге мәжбүр етті деуге болады. Демек, күні бүгінге дейін ақиқаты айтылмай, қалтарыста қалып қойған Созақ сүргіні әлі де болса індетте зерттелуі тиіс.

Әдебиеттер

- 1.Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві. 3-қор, 1-тізбе, 21-іс, 39-44 бб.
- 2.Сонда. 29-бет.
- 3.Сонда. 24-бет.
- 4.Сонда. 1-бет.

Г.ШАРДАРДАРБЕКОВА,
Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архивінің басшысы, жұмысшы топ жетекшісі
Г.БЕЙСЕНБАЕВА,
М.ҚАРҒАБАЙ,
«Созақ үні» газетінің жауапты хатшысы, жұмысшы топ мүшелері.

«Ерниязда» бір ер бар, зер қадірін түсінген

Созақ аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен Шымкент қаласында Түркістан облыстық Ыбырай Алтынсарин атындағы балалар кітапханасының оқу залында «BOOK-DATING-Оқы! Талпын! Арманыңа жет!» кіші жобасының аясында біздің іскер жерлесіміз, айтары бар азамат кәсіпкер, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Ернияз» жарнама-өндірістік орталығының директоры Дайрашов Ербол Дайрашұлымен кездесу өткізілді. Кіші жобаның мақсаты Қазақстандық патриотизм негізінде табысты тұлғаны қалыптастыру

тәсілі ретінде кітап пен оқуға жастардың назарын аудару, өлкеміздің танымал адамдарының шыңдалуына арқау болған кітаптармен танысу, өмір салты шабыттандыратын және таңдандыратын тұлғалармен кездесу.

Іс - шара кейіпкері бүгінде өз замандастарының арасында креативті басшы ретінде танылған, баспа саласының үздіктері қатарынан көрініп жүрген өзінің еңбексүйгіштігінің арқасында бел жазбай еңбек етіп, Созақ ауданының мақтанышына айналып отырған жандардың бірі.

Кездесуге кітапхана ди-

ректорының орынбасары Сейданов Олжас және Созақ аудандық балалар кітапханасының кітапханашылары Әсем Сарыбаева, Кенжекүл Тастыбаева, Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжінің студенттері, Мұхамед Хайдар Дулати атындағы үш тілде оқытатын №8 мамандандырылған гимназиясының оқушылары, ұстаздар қауымы қатысты.

Іс-шара барысында туған жері, балалық шағы өткен Қызылкөл елді мекені, өзі оқыған М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебі туралы және мектеп ұстаздарының Ербол Дайрашұлы туралы

айтылған пікірлері жайында видеоролик көрсетілді. Іс - шараға қатысқан қонақтар үшін Созақ аудандық балалар кітапханасының белсенді оқырманы Еркебай Әділжан «Мен қазақтың баласы» әнін орындап, мәнгерлеп жатқа өлең оқып, көрермен қауымының ыстық ықыласына бөленді. Кеш қонағы Ербол Дайрашұлы Созақтан келген кітапхана оқырманы Еркебай Әділжанға белсенділік танытқаны үшін өндірістік фирма атынан сыйлық ұсынды.

Ыбырай Алтынсарин атындағы облыстық балалар кітапханасының директор

орынбасары Сейданов Олжас Ерболұлы кездесуді қорытындылап, Ербол Дайрашұлына жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға, өскелең ұрпақты кітап оқуға шақыруға үлес қосып, жас жеткіншектердің арман-мақсаттарын анықтап, сол бағытта жетістікке жетуге бағыт-бағдар көрсеткен сүбелі сұхбаты үшін алғысын білдіріп, ел игілігі жолындағы еңбектеріне толағай табыстар мен сәттіліктер тілей отырып, сыйсияпат табыстады.

Ғалия МАЙМАҚОВА,
Созақ аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі.

Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдарында дін саласындағы бос орынның біраз бөлігін сырттан келген діни топтар мен ұйымдар толтырды. Олардың бір бөлігі араб елдерінен, орталық Азия арқылы Үндістан, Ауғанстаннан, Таяу Шығыс пен Түркия елінен келген діни жамағаттар да болды. Әрбір әлеуметтік топтың бір мақсат айналасында топтасып, ұйымдасып, өзіне сай сипат қалыптастыруының артында үлкен әлеуметтік,

секілді болашақта әлеуметке зиянды болуы мүмкін дүниелердің басын ашып кетуді жөн санадық.

Біріншіден, олардың діни білімді шетелдерден, атап айтқанда Сауд Арабиясы, Пәкістан секілді елдерден алуы. Олар діни білімді аталған мемлекеттердегі ресми оқу орындарынан емес, хужралар немесе марказдардан бастап алғандығын ескерген жөн. Ал, хужра, марказ жүйесімен берілген білім мемлекет тара-

Деструктивті діни уағызшылардың қоғамға қауіптілігі

экономикалық, саяси және тағы да басқа факторлар жатады. Әсіресе бұл діни топ болса тіпті нәзік тақырып болмақ. Біздің елімізге келген діни жамағаттардың барлығы да экстремистік топқа немесе қандай да бір секта категориясына жатпауы мүмкін. Дегенмен ол жамағаттарды жақсы немесе жаман деп ажыратудың да керегі жоқ. Барлығы да сырттан келген діни жамағат категориясында қарастырылу керек. Осы діни топтардың тарихи кезеңін, харизмалы көшбасшысын, ол елдегі беделін, бар болса олар жайында жауабын таппаған сұрақтарын егжей-тегжейлі қарастырып өз көзқарасымыз бен дүниетанымымыз тұрғысынан баға беру біздің міндетіміз. Сонымен қатар, топқа бөлінушілікке себеп болу ықтималдығы. Мұндай мәселе болса да, болмаса да біз оны қаперде ұстауымыз қажет.

Ал, әрбір діни жамағаттың міндетті түрде идеологиялық көшбасшылары болады. Олар алғашқы жылдары шетелдерден келген уағыз-насихатшылар болса, уақыт өте келе көшбасшылар қазақстандық жастардың арасынан таңдап алынды. Мысалды алыстан келтірудің қажеті шамалы. Түркістан облысының өзінен елімізге танымал деструктивті діни ағымдардың уағыз-насихатшылары, бірнеше көшбасшылары қалыптасты. Атап айтқанда, Қазақстанға «тәкфирлік» көзқарастың түбегейлі еніп, бірнеше азаматтарымыздың террористік іс-әрекеттерге қол ұруына, «жиһад» деп шекара асуына ықпал еткен «шейх Халил» атымен танымал болған Абдухалил Абдужаппаров Сайрам ауданының тумасы болып табылады. Ол еліміздің батыс облыстары діндарлары арасында «тәкфир» идеясын таратқан. Жалған уағыздаушының әрекеті Ақтөбе, Атырау және Орал қалаларында жасырын радикалды ұйымдардың пайда болуына ықпал еткен.

Сол секілді бір ғана Сайрам ауданынан Оқтам Заурбеков, Абдурафи Рахматуллаев, Мамыржан Хайтметов секілді «сәләфилік» бағыттағы бірнеше уағыз-насихатшылар, көшбасшылар шықты. Ал, Дильмурат Махамадов болса Сарыағаш ауданының тумасы болып табылады. Аталған азаматтар әр жылдары экстремизм мен терроризмді насихаттау, ұлттық және діни алауыздықты қоздыру бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Алайда, олардың діни уағыздары мен насихаттары әлі күнге дейін әлеуметтік желілер мен «Ютуб» арналарда жоғары сұранысқа ие.

Ендігі кезекте жоғарыда аты аталып, түсі түстелген азаматтарға ортақ мәселелер мен олардан қоғамға келген, осы

пынан бақыланбайды. Бұл дегеніміз аталған жүйенің жемістері болашақта қоғамға, елге қауіп тудыруы мүмкін. Шетелдердің осындай күмәнді оқу орындарына білім алған жастар болашақта сол елдің сойылын соғуы мүмкін. Шетелдерден келген діни ағымдардың, олардың көшбасшыларының біздің еліміз үшін ең басты қауіп ол—сырттан басқарылуында.

Екіншіден, діни ағымдар мен олардың көшбасшыларының қаражат көздерінің жабықтығы. Мысалы, Абдухалил Абдужаппаров, Оқтам Заурбеков және Дильмурат Махамадов секілді уағызшылар елімізде бірнеше жылдар бойы ресми жұмыссыз болған. Алайда, олардың материалдық жағдайы өзгелерге қарағанда анағұрлым жақсы еді. Сондай-ақ, Абдухалил Абдужаппаров және Дильмурат Махамадов он жылға жуық Сауд Арабиясында отбасымен бірге тұрды. Дегенмен, қаржылық мәселелері әлі күнге дейін жұмбақ болып қалуда.

Үшіншіден, дін деп өзге ұлттың мәдениетін елге алып келіп қоғамға тықпалау. Мысалы, түрік, араб елдерінде білім алғандар сол елдің салт-дәстүрін, киім кию әдебін тасымалдауда. Осындай жаңсақ түсініктің салдарынан дін атын жамылып, тұтас бір қазақ деген ұлттың салт-дәстүрін, мәдениетін, тарихы мен өмір сүру дағдысына соққы жасап, оны өшіруге, жоюға ұмтылуда.

Төртіншіден, олардың ең потенциалды проблемасы бөлінушілік, бір-бірін мойындамайды. Тіпті, бір «сәләфилік» ағымының өзінде ішінара алауыздық пен бөлінушілік басым. Сонымен қатар, олар ҚМДБ-ның ресми имамдарын тыңдамауға шақырады. Ал, түрік жамағаттары өздерінің имамдарын, пірлерін ғана тыңдап, дінді тек өз ұстазының түсінігімен шектеп келеді. Бұл түптеп келгенде қоғамды біріктіруге емес, бөлшектеуге алып келуде.

Қорыта айтқанда, біз жоғарыда тізбектеп өткен мәселелердің қауіптілігі баяу білінгенімен, қоғамға тигізер зардабы ауыр болмақ. Түптеп келгенде олардың іс-әрекетінің салдары қоғамның бөлшектенуі мен елдің бүлінуіне әкеліп соғады. Идеологиялық тұрғыдан бүлінген қоғамды қайта түзеуге ұзақ уақыт пен ұрпақтар ауысымы қажет. Сондықтан тұрғындарымыз дін мәселесіне бей-жай қарамай, жылтыр-жұмсақ сөйлеген уағызшыларға көзсіз ермесе дейміз. Тек ресми діни бірлестіктердің заңды өкілдеріне жүгінгені абзал.

Медет ХАЛЫҚОВ,
Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ директорының орынбасары.

Баланы-жастан...

Бала—әр жаста белгілі бір морфологиялық, физиологиялық, психологиялық және рухани тұрғыдан үнемі дамып отыратын адамның кемелдену кезеңінің бастауы. Тәрбие—тұлғаны қалыптастыруға бағыттайтын балаға әсер ету процесі. Әр халықтың бала тәрбиесінде өзіндік ерекшеліктері арқылы адами құндылықтары қалыптасады. «Тәрбие—тал бесіктен» деп ата-бабамыз бекер айтпаса керек. «Бала тәрбиесі өнер, өнер болғанда да ауыр өнер, жеке ғылым иесі болуға тілейтін өнер»,—деген М.Жұмабаев. Расында, тәрбие арқылы адамның болашағы, тағдыры шешілетінін байқауымызға болады. Сол себепті балаға тәрбиені анна жатырында жатқан кезден бастап берген абзал. Медицинада іште жатқан сәбидің өз ата-анасының дауысын танытыны, олардың өмірленуіне сәйкесін ажырата алатыны дәлелденген. Шетел ғалымдары іште жатқан балаға тәжірибе жасап бес айынан бастап, өз елінің ұлттық музыкасын тыңдатып өсірген. Кейін әлгі сәби дүниесі есігін ашқанда, сол музыкаға елеңдеп, өзгеше тебіреніспен тыңдағаны айтылады. Міне бала тәрбиесі бесіктен деген осы.

Тәрбие барысында, басты қағида етіп баланы өз болмысынан айырып, ата-ана өзінің идеалындағы адам болуына итермелемей, дұрыс шешім қабылдауына бағыт бергені абзал. Себебі, бала проблема емес, керісінше ата-анаға берілген сый, Алланың жіберген аманаты. Ал аманатқа, қиянат жасауға болмайды. Мұндағы аманат сөзі—ескерту. Яғни, «өзімдікі» деп иеленіп, бала құқығын бұзбай, Алладан келген сый екенін білсе қарым-қатынас жасау әлдеқайда жеңіл болады. Қиянаттың өрескел тұсы—баланы өз болмысынан айыру. Болмыс түсінігінің түбірі «болу», «бар болу» деген мағынадан шыққан.

Балаға тәрбие беру барысында қиналудың қажеті жоқ. Себебі, әр баланың өз несібесі бар, тіпті ата-ана бойына қосымша қуат та береді. Егер сол қуатты баланың өзіне жұмсап, уақыт бөліп, ойнап шаршамайтын болса, бала өскеннен соң бұзықтық жасап шаршататын болады. Соңғы кездері, көптеген ата-ана жұмысбасты болып, бала тәрбиесін екінші кезекке ысыруда. Бұл, ата-ананың материалдық жағдайына көп мән беріп, моральдық жағынан аса қатты көңіл бөлмеуіне әкеледі.

Қазіргі таңда баланы заман талабына сай етіп тәрбиелеуге мектеп бағдарламалары, түрлі қосымша ақпараттық курстар өзгеріп, жаңашаланып, дамып отыр. Мектеп—өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші буын. Әр шәкірт мектептен үлкен өмірге қадам басады, сол себепті отбасы бала тәрбиесіне қалай әсерін тигізсе, мектепте дәл сондай маңызды ықпалын тигізеді. Балаға тәрбие-бесіктен, әуелден басталған. Ата-баба дәстүрімен, дінімен өскен баланың елін, ұлтын сатқан азамат болып шығуы екіталай. Себебі, дінде отбасы мен бала құндылықтары-

на ерекше маңыз берген.

Бала тәрбиесі жайында сөз қозғағанда Хакім Абай атамыздың мына бір нақыл сөзі еске түседі: «Балам жақсы болсын десең ата-ана алдымен өзіңді тәрбиеле» деп тәрбиенің тікелей ата-анадан басталатындығын айтады. Тәрбие болмаса білімнің де, ғылымның да құны болмайды. Оған дәлел Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы!» деген қанатты сөзін айта аламыз.

Бала тәрбиесіне қай кезде болмасын, қай ұлтта болмасын үлкен мән берілген. Өйткені, бала—біздің және ертеңгі елдің болашағы.

Жапондар бала тәрбиесіне аса мән беретін ұлттың бірі. Олар «балаңды бес жасқа дейін патшандай күт, он бес жасқа дейін құлыңдай жұмса, ал он бестен кейін досыңдай сырлас» деген тәрбие негізін берік ұстанады. Жапондар бала тәрбиелеуде «ұл» немесе «қыз» деп бөлмейді. Екеуін де қазақ халқы сияқты еркелетіп өсіреді. Күн шығыс елі мен қазақ халқының ұлттық тәрбиесіндегі бір ұқсастық—ер баланы ел қорғаны, қыз баланы келешек отбасы ұйытқысы болуға баулыған. Қатаң қағидалар негізінде өскен жапон баласы он бес жастан кейін тәртіпті, оң-солын таныған, жақсы мен жаманды айыра алатын толыққанды азамат саналады. «Патша» болып еркін өскен бала 5-6 жасынан бастап, тастай темір тәртіпке бағынатын «қиын» күндерге тап болады. Егер бұл тәртіпке бағынбаса, қатаң жазаланады. Жапон баласы үшін ең үлкен жаза—жалғыз қалу.

Отбасы мүшелерінен бөлек бөлмеде жалғыз отырудан асқан азап болмайтынын саби күнінен санасына сіңірген бала сол жазаға ұшырап қалмауға күш салады. Көпшіліктен, қоғамнан тыс өмір сүру түсінігі жапондардың ортасында кешірілмес күнәмен тең. Ал, Кәрістер болса балалардың өмірінің басталуы оның бір жасқа толу жасымен есептеледі. Осы кезден бастап бала толыққанды адам болып есептеледі. Балалардың әрқайсысының бір жасқа толуы міндетті түрде атап өту керек, егер атап өтілмесе, онда ер жеткенде баланың үйлену тойын, мерейтойын жәнәт.б. тойларын атап өтуге болмайды. Сондықтан да ата-аналар балаларының бір жасын ерекше атап өтуге тырысады. Кәрістер үшін бала тәрбиесі—сөз бен істегі адалдық, мақсатқа жетудегі табандылық пен төзімділікке баулиды.

АҚШ-та бала тәрбиесі «әрбір бала өз бетінше өмір сүріп үйрену алу керек» деген ұстанымға негізделген. Көбіне ата-аналар балаларының талап-тілегін бірінші орынға қояды. Жылдам орындауға тырысады. Ал бұзықтық жасаған балаларын екі түрлі тәсіл арқылы жазалайды. Біріншісі—ойыншықтарын алып қойып, теледидар көруден шектеу. Екіншісі—орындауға отырып өзінің қате жасаған іс-әрекеті жайында ойлану. Отбасында баланы ұру қатаң түрде заң бойынша жазаланады.

Қытайлықтар балаларын кішкентайынан төзімді, са-

бырлы және қанағатшыл болуға тәрбиелейді. Аспан асты елінде тәрбиенің дәстүрлі стильдері еуропалық тәрбиеден мүлде өзгеше. Бала тәрбиесі мемлекеттік маңызы бар шаруа болып саналады.

Қытайлықтар елде бала санына шектеу болғандықтан, жақсы тәрбие беруге тырысады. Дегенмен көп қытайлықтар отбасы жағдайларына байланысты балаларын ерте жастан-ақ бөбекжайларға берді.

Еврейлер отбасында бала тәрбиесі қатаң бақылауда болады. Тәрбие беруде өзіндік ұстанымдары да бар. Мәселен, баланың алжуаз, көп шағым айтуына жол бермейді. Баланың көзінше ақша туралы сөйлеуге де болмайды. Себебі, еврейлер «бала танымында маңызды дүние ақша болып қалыптасып, адамдық қасиеттерден алшақтай түседі» деп топшылайды. Еврей отбасында жұбайлар бір-біріне ерекше құрметпен қарайды. Ата-ана арасында сыйлы қатынас болса, бала өзін батыл сезінеді екен. Олар баланы үнемі мақтап жүреді.

Енді үнді тәрбиесіне келер болсақ, олар баланы қатаң ұстайды. Үнді халқында ата-ана мен бала арасындағы достық қарым-қатынасы өте сирек кездеседі екен. Балалар кішкентай кезінен бастап ата-анасының таңдауына, қалауына мойынсұнып өседі. Сондықтан, бала ержеткенде немесе бойжеткенде әке-шешесі кімді қалайды, сол адаммен отау құрады.

Испанияда баланы еш уақытта қараусыз қалдырмайды. Үйге жалғыз тастамайды. 12 жасқа дейін баланы мектепке ата-анасы ертіп апарып, алып қайтады. Баланың танымы кең болып, мансап жолында ірі жетістіктерге жету жолдарын кішкентайынан құлағына құйып өсіреді. Балаларын өзгелермен салыстыра қарамайды. Отбасын, ұлттық құндылықтар мен үлкендерді сыйлауға баулиды.

Германия—тәртіптің елі. Бала тәрбиесінде де бірінші орынға тәртіпті қояды. Ал ата-аналар үшін басты орында—жауапкершілік тұрады.

Бала тәрбиесі—тек біздің елімізде ғана емес, өзге елдердің де өзекті мәселесінің бірі. «Бала нені білсе жастан, ұядан, өле-өлгенше соны таныр қиядан» деген нақылдың астарында қаншама мән-мағына жатыр десеңізші. Дәнаралымыздың өсиет етіп қалдырған нақыл сөзін алып қарасаңыз, сөз құрылымы басқа болғанымен, мағынасы бір. Нақыл сөзде, «тәрбие беретін адам, я болмаса ортасы өздері білімді, тәрбиелі, үлгілі болуы керек» деп өсиет етеді. «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиешісі көрсін» деген мәтел де соны меңзейді.

«Отбасында берілген тәрбие жігеріңді құм қылып жерге қаратпайын десең, балаға кішкентайынан түзу тәрбие бер» деп ата-бабамыз мұра етіп қалдырғандай, бала тәрбиесіне дер кезінде көңіл бөліп, еліміздің инабатты, адамгершілігі мол, білімді, саналы ұрпақтарын тәрбиелейік.

Г.БЕКЖАН,
Теолог маман.

Жемқорлықтың жолын кесу-азаматтық парыз

Сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу не беру болып табылады.

Пара дегеніміз не? Бұл лауазымды тұлғаның басқа бір тұлғадан лауазымына қатысты көрсететін қандай да бір қызмет түріне берілетін ақша немесе өзге игіліктерді алуы. Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың және оларға теңестірілген адамдардың лауазымды адамдардың өкілеттіліктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаға мүлкітік игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалану, игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы параға сатып алу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл – субъектінің өз өкілеттіліктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жо-

лын кесу, ашу және тергеп тексеру, және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік және қылмыстық жауаптылық белгіленген сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы әрекет не әрекетсіздік. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік әрбір қазақстан азаматының ұстанымына, адалдық пен сатылмаушылықтың мінез құлық нормасына айналуы тиіс.

Әрбір Қазақстандық отбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бүкіл қоғамның ісі екенін тусіну керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру өскелең ұрпақтың жұмыс қағидатында маңызды рол атқарады. Сыбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде сезіну және қабылдамау қоғамымыздың сыбайлас жемқорлыққа қарсы екендігінің негізі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлық тамыры тереңге бойлаған індет. Қолында билігі бар азаматтар сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл болып, өзгелерге үлгі болуы тиіс.

Тағат ЖАРЫМБЕТОВ,
аудандық ХҚКО
маманы.

Қазіргі таңда еліміздің барлық аймақтарында «Алтын күз» тақырыбында түрлі мерекелік шаралар ұйымдастырылуда. Баршамызға белгілі, күз маусымында Жер ананың адам баласына ұсынар мол ырыс-несібесі дикандардың таңның атысы, күннің батысы тынбай еңбек етуінің арқасында қамбаға құйылады. Сондықтан да астық пісіп, оны шашпай-төкпей жинап алу ісі дәл осы күз айларында жүзеге асырылатындықтан,



«Алтын күз-әсем айында»



осы маусымға халқымыз «Алтын күз» деп айдар таққан.

Бұл мезгілде халық несібесі, ел ырзығы ғана жиналып қоймайды, сондай-ақ оның осы кезеңде ұрпақты еңбекке, отансүйгіштікке баулу, табиғатты тану, Жер ананың қасиетін білу және басқа да игі істер негізінде тәрбиелеу ісінде орны айқындала түседі.

Мәселен, жыл сайын мол байлығын ұсынар күз маусымы келгенде балабақшалар тақырыпқа сәйкес бе-

зендіріліп, осы бағыттағы түрлі танымдық-мерекелік шаралар тәрбиелік мәні зор құралға айналады. Сөзіміз дәлелді болу үшін айта кетейік, таяуда ауданымыздың «Айшуақ» балабақшасында «Алтын күз-әсем айына» тақырыбында іс-шарасы ұйымдастырылып, жас өскіндердің таным-түсінігіне оң әсерін тигізетін мағлұматтар берілді, тәрбиеленушілер өздері жаттаған тақпақтарын айтып, көріністер қойды. Соның ішінде, аталған балабақшаның Ортаңғы 5

«Ақбота», «Қарлығаш», «Аққу», «Балбөбек», «Балапан» тобының тәрбиеленушілері «Алтын күз» мерекесіне тыңғылықты дайындалғандарын көрсетті. Ал Ересек «Тұлпар» тобының балалары ата-аналарымен бірлесіп бау-бақша өнімдерінен түрлі көрмелер ұйымдастырды.

«Жыл сайын мамыражай жететін күз мезгілінің халық үшін қашанда маңызы зор. Оның артықшылықтарын айтып тауыса алмайсыз... Біз әрбір күз маусымы келген сайын балаларға оның мән-маңызын, ырзық-несібесін түсіндіру мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырамыз. Мұндай шаралар кезінде балалар өздеріне ұнайтын жеміс-жидектер, дәнді дақылдар, көкөністер бейнеленген немесе соларға ұқсастырыла тігілген киімдер киіп, тақпақтар айтып, қойылымдар көрсетеді. Бұл өз кезегінде жас өскіннің өз туған жерінің қасиетін ұғынуға, табиғатты сүюді үйренуге көмектеседі.

У.САГЫНДЫКОВА,
Қосымша білім беру
педагогы.

Ауа райының қай мезгілі болсын, осы үлкен күре жолдың бойы өрт шығу ошағының бір нүктесі десек артық айтқандық болмас. Орман шаруашылығы егістіктері мен жайылымдарына зор қауіп тудырып отырса, осы өрттің тұтануына себепкер көлік жүргізушілерінің темекі тұқылын көлік терезесінен лақтыра салуы, ауданның орман шаруашылығына елеулі зиянын тигізеді. Табиғат ананың мінезі аяқ астынан өзге-

жүзеге асырылып жатыр. Табиғаттың көркі айналамызды қоршаған саялы бақтар мен орманды далалар, сексеуілдер мен жыңғылды алқаптар екені белгілі. Алайда әрбір орман қорықшысы ғана емес әрбір аудан, ауыл тұрғындары өрт қауіпсіздігіне бей-жай қарамай өз қол ұшын беруі керек. Темекі тұқылдарын көз келген жерге тастай салмай жауапкершілікпен өшіріп тастаса, тұтатқан шырпы қалдығының да

Табиғатты аялау, болашақты құрметтеу

ріп, күн ыстық болатын аймақтар салқын тартып, ал табиғаты қатал аязды, мұз құрсауындағы өлкелер кенеттен жылынып барша адамзат баласын әбiгерге салатыны бар. Бұл да орман қызметкерлерін ұдайы сақтыққа шақырады, ширақ қимылдауға үйретеді. Ауданымызда соңғы жылдары табиғаттың тосын мінездері оқта-текте байқалып келеді. Өткен аптада найзағай жарқырап қараша айының екінші он күндігі жауын жауып несерлетумен болды. Бүгінгі күнде барлық жерлерде өрт қауіпсіздігіне орай оқу-жаттығу жиындары болып, алдын алу, сақтық шаралары қаралып өтті. Мемлекетіміздің «Жасыл аймақ» бағдарламасы бойынша табиғатты өрттен қорғау жұмыстары қолға алынып, көптеген шаралар өз деңгейінде

алаңсыз өшкенін қадағаласа, үлкен өрттің алдын алған болар едік. Сонымен қатар, көпшілік қауым, ауыл тұрғындары қонақтарын ертіп табиғат аясына демалғанда жаққан оттың қалдықтарын өшірмей тастап кету де өртке себеп болады. Өйткені күннің бұзылуы, желдің өршуі өрт тудырады. Табиғатқа шыққанда тамақ, кәуәп пісіріп болған соң қадағалап сумен өшіріп, орнын топырақпен жауып кету өрттің алдын алуға үлкен мүмкіндік беретінін ескерсеңіздер екен. Алдағы уақыттарда да біз орман қызметкерлері ауданымыздың табиғат аясын қорғай отырып адамзат игілігі жолында қарқынды жұмыс атқара береміз.

Асхат ТҮРМАХАНОВ,
орман шаруашылығы мекемесінің қорықшы-күзетшісі.

«БЖЗҚ» онлайн-семинар өткізеді

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры халық арасында қаржылық сауаттылықты арттыру, сондай-ақ зейнетақы жүйесі мен зейнетақы заңнамасындағы өзгерістер туралы хабардар болу, дербес зейнетақы жинақтарын қалыптастыру және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызметтің нәтижелеріне бағытталған белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу шеңберінде қаржы журналистика мектебінің кезекті тегін курсы өткізеді.

Оқуға Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген журналистер мен белсенді блогерлер, журналистика факультетінің студенттері қатыса алады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі саласындағы мамандар екі күн бойы қазақ және орыс тілдерінде шеберлік сыныптарын өткізеді.

Курс бағдарламасында қатысушыларға түрлі тақырыптар бойынша оқыту модульдері ұсынылады:

- Зейнетақы активтерін ҚР ҰБ және ИПБ басқаруы;
- Цифрлық БЖЗҚ (Қордың электрондық қызметтері туралы тұсаукесер);
- ЕАЭО елдеріндегі зейнетақымен қамсыздандыру;
- БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерінің түрлері.

Бұдан бөлек, БЖЗҚ-ның жұртшылықпен байланыс департаментінің басшылары қазіргі және болашақ әріптестеріне Қордағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының қалай жүргізілетіні

және жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы қызықты материалдарды қалай жасау керектігі туралы айтып береді.

Іс-шара онлайн-форматта 24 қарашада орыс тілінде және 25 қарашада қазақ тілінде сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін өтеді.

Қатысу үшін алдын-ала тіркелу қажет. Қатысуға өтінімді р электрондық мекенжайына жолдау қажет. Онда ТАӘ, БАҚ немесе оқу орнының (студенттер үшін) атауы, қатысу күні, электрондық мекенжайы мен WhatsApp қосымшасы бар телефон нөмірі (шақыру-сілтеме жіберу үшін) сияқты жеке деректеріңіз көрсетілуі тиіс.

Шақыру-сілтеме Сізге іс-шара басталардан бір күн бұрын жіберіледі.

Мектеп жыл сайынғы дәстүрлі іс-шараға айналды.

2017 жылдан бастап оған 400-ге жуық журналистер мен студенттер қатысты.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Жалпы қазақ деген нар халық қой. Осынау өңірде басқа бір халық өкілдеріне тұруға тура келсе, қазақ азаматы бастан кешкен сол бір қиыншылықтарды көтеруге қажыры жетер ме еді, жетпес пе еді, кім білсін? «Атаңның ұлы болма, адамның ұлы бол!» деп жатады дана халқымыз. Ата-бабамыз мұра етіп қалдырған аталы сөздің ешбірі текке айтылмаған. Өзіміз де адам болып жаралған соң өмірден аз-кем түйгеніміз бар деп білемін. Алайда өмірде «қазақ азаматы» деген ерекше ұғым бар. Ол тумысы бөлек, тұрғысы бөлек, пайымы мен парасаты бөлек тұлға болса керек.

– «Мал таппайтын еркек болмайды құрарын айт...» демекші бүгінде отбасын асырау міндетін атқарып жүрмін деп қара басының қамын көп күйттеп кететін жандар баршылық. Отбасы иесі саналатын ер адамдардың шаруашылыққа, ептілікке, табандылыққа, шыдамдылыққа баулуға мән бермейді. Қазір жастарда табандылық жоқ. Шеге қағуды білмейтін, шаруаға қыры жоқ жігіттер қатары көбейді. Бір жерде тұрақтап жұмыс істей алмайды.



Байырхан еңселі елдің ұлы еді...

«Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүріп, бірден қомақты ақша тапқысы келеді.

Міне, өмірдің шындығы. Дүниеге келген соң Шәкәрім ақын жырлағандай «Өсіп, өшіп құлаған бір бәйтеректей» болмай, нағыз адам болу – басты міндетіміз. Әрбір бойында адамгершілігі мен имандылығы бар азамат алдымен өз мүддесін ғана емес, өзгенің де өмірімен санаса алады. Нағыз жігіт өзінен гөрі, өзгеге көмектесуді бірінші орынға қоя алуы міндетті. Байқасаңыз, бұрынғының азамат атауы мен бүгінгінің азамат ұғымында біршама айырмашылық бар. Заман да, адам да, қоғам да өзгерді. Десе де, ұлттың сақталуы үшін ер-азаматтың атқарар рөлі өте зор. Азамат деген атқа лайық болып жүрсіз бе?! Бүгінгінің азаматы қандай болу керек? Менің пайымдауымша, азамат деп замана талқысына көнбейтін, талап пен талантын жегіп, терін төгіп, құлашын кең сермейтін батыл да ер адамды айтады. «Өлі разы болмай тірінің тірлігі өнбейді» демекші әрбір азаматтың елі мен жері үшін, туған ауылы мен ауыл аймағы үшін еткен еңбегі ешқашан ұмыт болмайды. «Жамандар жақсымын деп айқайлайды, жақсылар жақсымын деп айта алмайды» деген гибратты өлең жолдары да бар. Қозмолдақ ауылында 1971 жылы 15 қазанда Қозмолдақ ауылында дүниеге келген Нұрланұлы Байырхан есімді азаматымыз бар еді. Бар еді деген себепім Байырхан ініміз биыл пәни жалғаннан ақиқи өмірге аттанып кетті. Қолындағы барын халықпен бөлісуге даяр тұратын, таза еңбекқорлығы мен қайырлы қайырымдылығының арқасында Алла Тағала берекесін беріп Байырханды малды етті, қолы ұзын азамат етті. Сол Алланың ризығына қапыл сенген бауырымыз көзі тірісінде жоқ жігітке, жағдайы төмен ағайын-ауылдастарына барын беріп, разылығын алуды мақсат тұтқан еді. Өмірден кетердің алдында ауылдағы 54 жанұяға 1 миллион 200 мың теңгенің азық-түлігін таратып шықты. Ауыл ортасындағы мешіт асханасының шатырын жабу үшін 300 мың теңге қаржылай көмегін берді. Құрбан айт мерекесінде отбасы атынан бір өгізін әкеліп елдің разылығын алды. Мектепке, ауылға деген Байырханның айта берсе көмегі көп болды. Ауылға кіре

беріс арканың тұрғызылуына да қолынан келгенінше жәрдемін берген еді. Сол уақытта ол аудандық, облыстық басылымдарға, фейсбук парақшаларына жариялауына қарсылық білдірді.

– Құрман аға, мен бұл қайырлы сауапты істерді мақтангершілік үшін емес, сауапты іс ретінде жасап отырмын. Сол себепті жария болмай-ақ қойсын, ренжімеңіз, – деп өзінің ақыл тоқтатқан, парасатты азамат екендігін таныта білді. Нұрлан көкеміз бен Аманкүл апамыздан үш ұл, алты қыз өсіп өнді. Байырхан отбасындағы ұлдардың екіншісі болатын. Өзінен үлкен Сейілхан атты ағасы бар.

басын көбейтіп өсіру жолында бірқатар жұмыстар атқарды. «Мал баққанға бітеді» деп қазақ атамиз айтқандай, Салманов Байырхан ауылда мал басын өсіріп көбейту және оны асылдандыруда, жолыққан қиыншылықтардан тайсалмай алдына қойған негізгі мақсатын орындай білді.

Ол сонымен бірге, өзінің басты мақсаттарының бірі ауыл тұрғындарына ет-сүт өнімдерін халыққа қол жетімді бағамен уақытылы, әрі сапалы түрде жеткізіп отырды. Ол тек бұл жұмыстармен ғана шектеліп қана қоймай ел ішіндегі яғни, ауылдағы тұрмысы төмен отбасылармен кембағал

дандыру және санитарлық жұмыстарына қосқан үлесі үшін», «Алтын күз» атты аудан аралық шаруа қожалықтарының байқауында жеңімпаз атанып Байырхан Нұрланұлы ел алдындағы ерен еңбегі үшін аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың, «Аманат» («Нұр Отан») партиясы Созақ аудандық филиалының, ауыл әкімдігінің бірнеше Алғыс хаттарымен, Грамоталарымен марапатталған азамат. 2021 жылы «ауыл шаруашылығының үздігі» төсбелгісімен марапатталып ауылы мен ауылдастарының мерейін бір өсіріп тастаған болатын.

«Сыбаға» мемлекеттік бағдарламасымен ірі қара шаруашылығын дамытуға зор үлесін қосқаны үшін Байырханды «Еңбек ардагері» медаліне де ұсынылған болатын. Байырханның әкесі Салманұлы Нұрлан көкеміз ауданымыздың ауыл шаруашылығы, оның ішінде қаракөл мал шаруашылығы саласында мал басын көбейту, сақтау, өсіру жұмыстарында алдыңғы қатарлы озат ақа шопан, өз саласының білгір маманы болатын. Әке көрген оқ жонар дегендейін әке жолын ұстанып, әке қолынан шопан таяғын алып жастайынан мал шаруашылығын өркендету жолында аянбай еңбек етті. Тура кешегі кеңестік заман болса нағыз еңбек ері болатын азамат еді. Мына заманда әркім өз басын күйттеген, өз ұпайын түгелдеген түлкі уақыт еді. Бірақ Байырхан ініміз заман ағымына сай еңбек етіп, алдыңғы қатарлы шаруашылық иесі ғана болып қоймай имандылық, адамгершілік тұрғысында да өз тұрғында адам деген атты лайықты азамат болып қала берді. Байырханның соңында Аманкүлдей анасы, бауырлары, жары Бақытгүл мен Шұғыла, Аида, Сағи, Бекасыл атты алтын асықтай ұл-қыздары қалды. Байырханның орын басып ауданымыздың ер тұлғалы азаматтары болады деген үміттеміз.

Марқұм елжанды, біртуар азамат, қайырымды кәсіпкер, марқұм Нұрланұлы Байырхан бауырымыздың жарқын бейнесі ауыл азаматтарының, жалпы жалпақ жұрттың жүрегінде ұзақ уақыт сақталатын болады.

Құрманғали БЕКИШОВ,
Созақ аудандық мәслихатының депутаты.



Кәсіпкер, жаны жомарт Нұрланұлы Байырхан ініміз өзінің еңбек жолын бұрынғы Шымкент облысы, Созақ ауданы Сызған кеңшарында аға шопанның көмекшісі болып бастады. Сол жылдардан бастап мал шаруашылығында абыройлы еңбек етіп келді. Оған дәлел ретінде оның атқарған еңбектерімен алған марапаттарын айтуға болады.

Кеңес Одағы тарап еліміз егемендік алған соң ол мал шаруашылығын одан әрі дамыту мақсатында «Салман» шаруа қожалығын құрды. Осы шаруашылық аясында ол бірінші кезекте малды асылдандыру және мал

мүгедек жандарға өз қаражатынан тікелей көмек көрсеткен еді. Бұл жерде атап айта кететін нәрсе, Салманов Байырхан тек іскер, кәсіпкер азамат қана емес оның жаны жайсаң қолы ашық жомарт меценат екені жайлы. Міне, оның осындай еңбектерін бағалаған елдегі ауыл ақсақалдары үнемі ақ жарма алғыстарын айтып отырады. Ол атқарып жүрген еңбектерінің барысында «Ауылдық округтің жыл адамы», «Қазыналы өлкеміздің өсіп өркендеуі мен дамуына және гүлденуіне үлес қосқаны үшін», «Сызған ауыл округінің әлеуметтік экономикалық дамуы мен көркейту, көгал-

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріміші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.